

**«Ыбырай Алтынсарин» КММ-нің  
мектепшілік бақылау жоспар бойынша жүргізілген жұмыстар  
қорытындысы  
2024-2025 оқу жылы**

**Мақсаты:** Білім беру ұйымы қызметін жетілдіру. Мұғалімдердің шеберлігін арттыру. Мектепте білім мен тәрбие беру сапасын жақсарту.

**Міндеттері:**

- мектептегі оқу-тәрбие процесінің жай-күйін объективті және толыққанды талдау;
- білім сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарлау және ұйымдастыру;
- педагогтердің кәсіби деңгейін жетілдіру және жұмыс тиімділігін жан-жақты зерделеу және талдау;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім алу мүмкіндіктерін, денсаулық жағдайын ескере отырып, білім мен тәрбие беру процесін одан әрі жетілдіру;

2024-2025 оқу жылында мектепшілік бақылау қызметі келесі бағыттарда жүзеге асырылды:

- I. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
- II. Оқу процесінің сапасын бақылау ;
- III. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау;
- IV. Оқу-зерттеу қызметін бақылау;
- V. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау;
- VI. Тәрбие процесінің, өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау;

Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуі жоспарға сәйкес орындалды.

Тамыз-қыркүйек айында оқушылардың оқулықпен қамтылуы тақырыбы бойынша №1 директор жанындағы отырыста қаралды. Мектеп оқушыларды кітаппен толық қамтылды. Жалпыға бірдей міндетті біліммен қамту айлығын өткізу туралы, «Мектепке жол» акциясы бойынша мәселелер педагогикалық кеңесте қаралып, 85 оқушыға материалдық және қаржылай көмек берілгені анықталды. Мектептің жылдық жұмыс жоспары, оқу жоспары және сабақ кестесін бекіту туралы мәселелер педагогикалық кеңесте қаралып, педагогтер оқу жылының басталуы туралы бұйрықпен таныстырылды және бекітілді. Мектеп ұжымы №1 педагогикалық кеңесте «ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттағы ерекшеліктермен таныстырылып, жаңа оқу жылына бағыт-бағдар берілді. Педагогикалық жобалардың ұйымдастырылуы, PISA-ға дайындық

жоспарын құру, бекіту, ББЖМ –ға дайындық жоспарын құру және бекіту педагогикалық кеңесте қаралып, жоба жетекшілері бекітіліп, бұйрық шығарылды. Пән кабинеттерінің, зертханалық кабинеттерінің жұмыс жағдайы және техника, өрт қауіпсіздігінің сақталуы тақырыбы бойынша қыркүйек айында директор жанындағы отырыста мектеп қызметкерлеріне нұсқаулық берілді. Дене шынықтыру, еңбек, химия, физика, информатика пәндері бойынша техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау журналдары бар екені анықталды.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларды, вариативтік компонент бойынша бағдарламаларды жасау, пән бірлестіктерінде талқыланып, күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігін директор орынбасарлары Л.Жүсіп, Б.Жумабаева тексеріп, келісілді, мектеп директорымен бекітілді. «Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық қолдау» (А.Ерсарина И.Елисеева) туралы балаларға арналған бейімделген, жеке оқу бағдарламаларын бекіту тамыз айында қаралып, оқу пәндері бойынша жеке бейімделген оқу бағдарламаларының құрылуы, бала диагнозына сәйкестігі қаралып, пән мұғалімдеріне бағыт берілді. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығының орындалуын қарастыру бойынша ППҚ қызметінің жоспарлары, ЕҚБ балалардың құжаттары қаралды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарының мазмұнға, оқу жүктемесінің максималды көлеміне, оқу мерзімі мен білімалушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың сақталуын бақылау тоқсан сайын тексеріліп, педагогикалық кеңесте қаралды. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы); бұйрықтардың орындалысы бақыланды. Әдістемелік жұмыстың жоспарын бекіту, бірлестік жетекшілердің жұмысы қыркүйек айында әдістемелік кеңесте қарастырылды. Әдіс бірлестік жетекшілері бекітіліп, оқу жылына арналған бірлестік жетекшілерінің жоспары талданды. Қыркүйек айында БЖБ, ТЖБ жұмыстарын алу кестесін бекіту қарастырылып, «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы бойынша БЖБ, ТЖБ жұмыстарын алу кестесі бекітілді. Қыркүйек айында №1 директор жанындағы отырыста: Мектеп іс-қағаздарын жүргізуге қойылатын талаптар, электронды журналдың

толтырылуы, оқушылардың жеке іс-қағаздарының жүргізілуі оқу жылының басында және қаңтар айында №5 директор жанындағы отырыста қарастырылды. Сынып жетекшілерге сынып оқушыларының жеке-іс қағазын жүргізудегі кемшіліктері айтылып, түзетілді. Жалпы сыныптардағы «Bilimclass» платформасындағы электронды журналдары тексеріліп, бағалардың уақытылы қойылуы, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың дұрыс толтырылып, сағат санының сәйкес келуі қаралып, қорытындысы тоқсан сайын директор жанындағы отырыста қаралды. Журналдың уақытылы жүргізілуі бойынша ескертулер айтылып, ұсыныстар берілді. Қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларды тексеру әр тоқсан соңында директор жанындағы кеңесте қарастырылып, жоспарлардың дұрыс, уақытылы жазылуы, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6-сәуірдегі №130 бұйрығының орындалысы бақыланып, талдау жасалды. Тәрбие бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31.08. №748 қаулысының, Қазақстан Республикасы кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың профилактикасы №591 бұйрық 09.07.2004ж. орындалысы педагогикалық кеңесте және ДЖО қаралды.

## **II. Оқу процесінің сапасын бақылау:**

Жоспарға сәйкес қыркүйек айында білім алушылардың каникулдан кейінгі білім деңгейін анықтау мақсатында «0» кесінді алынып, мониторинг жасалды. Мониторинг нәтижесі бойынша төмен деңгей көрсеткен сыныптардан қараша айында екінші сынақ жұмыстары алынды нәтижесі 1 тоқсандағы білім сапасымен салыстырмалы талдау жасалып №2 педагогикалық кеңесте қаралды.

Қыркүйек-қараша айларында 1, 5, 10 сыныптарда оқушылардың бейімделуін анықтау, қолайлы орта жасау, сабақ қатысу, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әкімшілік мүшелері, тәжірибелі педагогтерден құрылған шығармашылық топ сабаққа қатысып, нәтижесі №3 директор жанындағы отырыста қаралды. Ай сайын әкімшіліктің сабаққа қатысу кестесі жасалды, мектеп директорымен бекітілді.

Жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында мектеп әкімшілігі жоспарға сәйкес жас мамандардың сабақтарына қатысып, әдістемелік қолдау берді. Оқудағы кедергілерді диагностикалау, олқылықтарды анықтау мақсатында тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың талапқа сай жүргізілуі бақыланды және нәтижесі №2,4,7,9 директор жанындағы отырыстарда қарастырылды. Осы бағытта бастауыш сыныптарда «Дүниетану», 5-9 сыныптарда «Дене тәрбиесі», 10-11 сыныптарда «АЭТД» пәндері бойынша оқу бағдарламасының орындалысы бақыланды. пәндері бойынша оқу бағдарламасының орындалысын бақылау жүргізілді. Анықталған кемшіліктер бойынша талдау жасалып, мұғалімдерге ұсыным берілді. ОҚН компоненттерін сабақ аясында жүзеге асыру бойынша

әдістемелік семинар өткізілді. Математика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша 5-11 сынып оқушыларының жұмыс дәптерлерінің талапқа сай жүргізілуі, бастауыш сынып оқушыларының жұмыс дәптерлерінің талапқа сай жүргізілуі бақыланды.

I сынып оқушыларының әліппе пәні бойынша білім деңгейлері мен оқу дағдыларын анықтау ЖМББС орындалуы қаралды.

Өткен оқу жылы бойынша төмен сапа көрсеткен сыныптар 6 «В», «Г», 8 «Ә», «Б» сыныптарды кешенді тексеру жүргізіліп, педагогикалық кеңес отырысында талдау жасалды және пән мұғалімдеріне әдістемелік ұсынымдар берілді.

Білім алушылардың оқу дағдыларының деңгейі мен бейіндік бағдарын анықтау мақсатында физика, химия пәндерінің оқытылуы ақпан айында бақылауға алынды. Мектеп әкімшілігі жоспарға сәйкес сабаққа қатысып пән мұғалімдеріне білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бойынша әдістемелік ұсыным берді. Білім алушылардан тест жұмыстары алынды нәтижесі директор жанындағы отырыста қаралды, пән мұғалімдеріне ұсыныстар берілді.

Жоспарға сәйкес ақпан айында үйден оқитын білім алушылармен сабақтың сапалы өткізілуін бақылау мақсатында жұмыс жүргізілді. Ақпан айында мектепте 6 бала үйден оқытылды. Үйден оқитын оқушыларға жеке журнал ашылып, арнайы пән мұғалімдері тағайындалып, апталық сабақ кестесі жасалған. Ата-ананың келісімімен және мектеп директорының бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес үйде оқитын білім алушыларды бағалау кезінде педагогтер үйде оқитын білім алушылардың оқу жүктемесін және олардың оқып-зерделеген оқу материалын ескере отырып, сараланған және немесе жеке тапсырмаларды әзірленген. Токсан соңында әр пән мұғалімі диагностика жасап отыратыны анықталды. Балалардың жұмыс дәптерлері, ата-анамен байланыс дәптерлеріне қол қойылып, үй тапсырмасын орындау бойынша ата-аналарға ұсыныс берілген, бақылау жұмыстары уақытылы алынып, бағалары қойылған. Нәтижесі ӘК қаралып, пән мұғалімдеріне сабаққа барғанда ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке ерекшелігін, үй жағдайын ескеру бойынша ұсыныстар берілді. ПМПК ұсынысына сәйкес инклюзивті сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған білім берудің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрықтың бастауыш сыныптар үшін №1 қосымшасына, 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрықтың негізгі орта білім берудің № 6 қосымшасына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін балалар білім алды. Жоспарға сәйкес ерекше білімді қажет ететін балалардың сапалы білім алуын бақылау

м  
а  
қ  
с  
а  
т  
ы  
н  
л

**III. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау бағыты бойынша** проблемалар анықталды: негізгі пәндер бойынша олқылықтардың анықталуы; Білім алушылардың бір сабақтан «3» баға алуы; Білім алушылардың каникул кезінде ұйымдастырылған шараларға қатыспай қоюы, өз уақытын тиімсіз өткізуі. Проблемаларды шешу мақсатында олқылықтармен жұмыс жоспары енгізілді.

Кіріспе диагностика:

1) Оқу техникасын тексеру (2-9 сынып)

2) 0-дік срездер өткізу қыркүйек айында директор жанындағы кеңесте 2-9 сынып оқушыларынан алынған оқу техникасы мен жалпы білім алушылардан негізгі пәндер бойынша алынған 0-дік бақылау жұмыстары талданып, алдағы уақытқа тапсырмалар берілді. Төмен сапа көрсеткен пәндерден екінші бақылау кесіндісі қараша айында алынды. Қазан айында директор жанындағы кеңесте бастауыш сынып оқушыларының жазу сауаттылығын анықтау, каллиграфиясын тексеру қорытындысы талданды. Оқушының білім сапасына әсер ететін жеке басының ерекшеліктерін есепке алу 1 сабақтан «3» немесе «4» деген бағаға қорытылған оқушылармен жұмыс қазан, қараша айында №2 директор жанындағы кеңесте қарастырылып, 1 сабақтан «3» немесе «4» деген бағаға қорытылған оқушылармен жүргізілген жұмыстар мен оқушының білім сапасына әсер ететін жеке басының ерекшеліктерін есепке алу жұмыс жоспары талқыланды. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру, білім алушылардың каникул уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында мектеп оқушылары қосымша сабаққа шақырылды.

ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйін бақылау мақсатында негізгі пәндерден байқау тестері алынды, байқау тестерінің қорытындысы бойынша мониторинг жасалып, пән мұғалімдеріне ұсыныстар берілді.

«Жазғы мектеп» жұмысының ұйымдастырылуы мамыр айында педагогикалық кеңесте қарастырылып, жоспары жасалып, сабақ кестесі құрастырылды.

**IV. Оқу-зерттеу қызметі** бойынша анықталған проблемалар жалпы білім беретін пәндерден олимпиадаға, ғылыми жобаларға қатысатын балалардың азаю қаупі; Тақырыпты, зерттеу әдістерін таңдауда, теориялық материалдарды іріктеуде дербестік пен талдамалық дағдылардың болмауы. Педагогтің оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарының әлсіз жүргізілуі.

Мектепшілік, аудандық пән олимпиадасына және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындық барысы тамыз айынан бастап жүргізіліп, нәтижесі қараша айында педагогикалық кеңесте қаралып, дарынды оқушылардың базасы жаңартылып бекітілді. Дайындық кестесі құрылды. Қараша айындағы әдістемелік кеңесте «Республикалық пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңіне дайындық өткізу» тақырыбы бойынша дайындық кестесіне сәйкес дарынды оқушылардың дайындығы бақыланып, мектепшілік олимпиада өткізілді. Мектепшілік жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қорытындысы шығарылып, қалалық деңгейде олимпиадаға қатысатын оқушылардың тізімі бекітілді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың қалалық кезеңіне қатысушылар саны артқан. Жұлделі орындар өткен оқу жылымен салыстырғанда 3% өсіп отыр. Мектепшілік олимпиаданың

35 жеңімпазы қалалық пән олимпиадасына қатысып, 11 қатысушы жүлделі орынға ие болды. Облыстық деңгейде 2 орын алған қатысушы **республикалық** деңгейге жолдама алды. Жаратылыстану бағытындағы пәндерден жүлделі орын алған оқушылар үлесі аз.

Білім алушылардың ғылыми жобаларға және шығармашылық сайыстарға қатысу деңгейінің артып отырғанын байқауға болады. Ғылыми жобаларға қатысқан оқушы Ғабит Ж. облыстық деңгейде I орын алып, **республикалық** деңгейде алғыс хатпен марапатталды. **Республикалық** «Техникалық шығармашылық және өнертапқыштар» байқауына 9 сынып оқушысы Сәбит Д. Алғыс хатпен марапатталды.

Алдағы уақытта, білім алушылар жетістікке жетуі үшін вариативтік компонент негізінде оқушы қажеттілігін қанағаттандыруға арналған бағдарламалар базасын құру; Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша дайындықты арттыру; Ғылыми жобаға қатысушылар санын арттыру мақсатында жүйелі жұмыстар ұйымдастыру жоспарланды.

Қыркүйек-қараша айларында 1, 5, 10 сыныптарда оқушылардың бейімделуін анықтау, қолайлы орта жасау, сабақ қатысу, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әкімшілік мүшелері, тәжірибелі педагогтер сабаққа қатысып, нәтижесі директор жанындағы отырыста қаралды. Мектеп психологтары сауалнама алып, мониторинг жасады. Жекелеген оқушыларға (Серикбаева Раушан, Нұрасыл) психологиялық педагогикалық қолдау қажеттілігі анықталған. Сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді.

Бейімделудің төмен деңгейі 5 «Г», 5 «Б», 5 «А» сыныптарында анықталып, түзету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілген.

Желтоқсан айында директор жанындағы отырыста «Жасөспірімдер арасында агрессивті мінез-құлықты анықтау» тақырыбында 8-сыныптар арасында тренинг өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасының ұйымдастырылуы тақырыбы бойынша жоспар бойынша іс-шаралардың жүргізілуі туралы анықтама жасалды (ДЖО №4). Жоспар бойынша оқушылар мен мұғалімдердің жұмысы бақыланды. Қаңтар айындағы директор жанындағы отырыста «Уәжі төмен оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбында бірінші жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстар бақыланып, кеңес беру дәптері қаралды.

**V. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау бағыты бойынша анықталған проблемалар: педагогтердің оқытуда біртекті тәсілдер мен әдістерді қолдануы; Сандық ресурстарды қолданушы педагогтердің тұрақталуы;**

Тамыз айындағы педагогикалық кеңесте мұғалімдердің апталық жүктемесімен таныстыру, тарификацияны бекіту, мектеп қызметкерлерінің еңбек өтілін анықтау, мектептегі педагог кадрлардың лауазымдық міндеттерін бекіту бойынша таныстырылып, бұйрық шығарылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығына және мектеп директорының 29.08.2024ж. № 77 бұйрығына сәйкес тәлімгерлер бекітілді: қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Қайырбекова Ақниет Ақжолқызына тәлімгер болып тарих пәні мұғалімі,  
педагог-зерттеуші Жекенова Айнагул Жаксыбаевна;  
Дене шынықтыру мұғалімі Дербес Арман Еркінбекұлына тәлімгер болып  
ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Пазылова Асель Сериковна;  
География пәні мұғалімі Қанат Бекболат Қанатұлына тәлімгер болып  
математика пәні мұғалімі Жанадилов Оразалы Мукатаевич;

Бекітілген тәлімгерлерге келген жас мамандарға педагогикалық-психологиялық, әдістемелік қолдау көрсету міндеттелді. Мектепішілік жоспарына сәйкес жас мамандар мен тәлімгерлер арасында жүйелі жұмыстың ұйымдастырылуы, жас мамандардың мектепке бейімделуі бойынша бақылау жүргізіліп, әдістемелік семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізілді.

Мұғалімдерді аттестаттаудан ережелерімен таныстыру тамыз айының әдістемелік кеңесте қаралып, біліктілік санатын көтеру мақсатында аттестациядан өтетін мұғалімдердің өз өтініштері бойынша перспективалық жоспар құрылды.

Білім берудің сапасын дамыту үшін цифрлық технологияларды қолдану деңгейін бақылау мақсатында «Цифрлық платформалардың сабақ берудегі тиімділігі» тақырыбында тәжірибе бөлісу жұмыстары ұйымдастырылып, озық тәжірибе таратушы педагогтер анықталды.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйесін оқыту» технологиясын сабақта тиімді қолдану бойынша сабаққа қатысып, пән мұғалімдеріне ұсыныстар берілді.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруда біліктілікті арттыру курстары "Өрлеу" ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғам базасында және "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталықтарында мектеп әкімшілігі жоспарлы түрде біліктілікті арттыруды қамтамасыз етті. Біліктілікті арттыру курстарынан өтудің перспективалық жоспары бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізілді. Мектеп әкімшілігі 100% менеджмент саласы бойынша және пәндік білімдерін көтеру бойынша педагогтер 100% біліктілігін арттырды. Инклюзивті білім беру бойынша курс мерзімі өткен педагогтер анықталды. 2025-26 оқу жылында аталған тақырыпта педагогтерді курстан өткізу жоспарланды. Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беретін педагогтерге желтоқсан, наурыз айларында жеке әдістемелік қолдау беру жұмыстары ұйымдастырылды.

Мектептің даму жоспарында педагогтің көшбасшылығын дамытуға, әдістемелік қолдау көрсетуді сапалы шығармашылықпен айналысатын педагогтер санын арттыру міндетке қойылған. Педагогтер арасында «Зерде» қалалық әлеуметтік педагогикалық жобасына, «Педагогикалық шеберхана», облыстық «Қызық сабақ» жобасына, «Үш өлшемді әдістемелік жүйесін оқыту» технологиясына қатысушылар үлесі артты. 2023-2024 оқу жылында іс-шараларға белсенді қатысушы педагогтердің үлесі 60 % болса, 2024-2025 оқу жылында 5-10 % -ға артты. Алайда бір сарында жұмыс істеп, шығармашылықпен айналысу деңгейі төмен педагогтер де анықталған. Келесі оқу жылында әр мұғалім жетістігіне рейтинг жасалып, жаңа оқу жылында перспективалық жоспарға сәйкес жұмыс жүргізу талап етілді. Үздік көрсеткіш көрсеткен мұғалімдер марапатталды.

Мұғалімдер халықаралық, республикалық, облыстық конференцияларға, семинарларға, көрмелерге, байқауларға, педагогикалық оқуларға қатысып тәжірибе таратты. Ағымдағы жылы педагогтерге әдістемелік педагогикалық қолдау көрсету мақсатында «Виртуалды алаң» жобасын жүргізілді. Жоба аясында педагогтер тәжірибе көрсетуге және алмасуға, жас мамандарға қолдау көрсетуге, қажетті ақпаратты қолжетімді деңгейде алып отыруға мүмкіндік алды.

Жыл соңында «Үздік педагог» жыл қорытындысын шығару мақсатында рейтинг жасалып, жетістіктер жинақталды. Мамыр айында «Жоғары нәтиже көрсеткен педагог» номинациясы бойынша 10 педагог марапатталды.

#### **VI. Тәрбие процесінің, өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау бағыты бойынша проблемалар: отбасындағы, мектептегі зорлық-зомбылық, қорлау, буллинг жағдайлары, ата-аналардың немқұрайлығы.**

Қыркүйек айында тәрбие жұмысын ұйымдастыру педагогикалық кеңесте қаралды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы орынбасарының 2023 жылғы 1 ақпандағы № 23-32-4.3 хаттамасының 3-тармағын орындау мақсатында бұйрық шықты. Білім беру ұйымдарына «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспар бекітілді. Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды. Біртұтас тәрбие бағдарламасының ережесі мен жоспарын жасап, жұмыстың өз деңгейіне талапқа сай жүргізілуін басшылыққа алу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Сариеваға жүктелді. Отбасы мен мектеп, ата-ана мен педагогтер қарым-қатынасы мәселелерін шешуге байланысты қыркүйек-қазан айларында тәрбие жұмысының ұйымдастырылуын бақылау мақсатында сынып жетекшілердің жұмыс жоспарлары, тәрбие сағаттарының өткізілу сапасы қаралып, кемшіліктер бойынша ұсыныстар берілді.

Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналыстары тоқсан сайын өткізіліп, білім сапасын арттыру, құқық бұзушылыққа жол бермеу, буллинг және кибербуллингтің алдын алу мәселелері қаралды.

Оқушыларды үйірмелер мен спорт секцияларының жұмысына тарту процесіндегі қиындықтарды диагностикалау мақсатында 1-11 сыныптарда сауалнама алынып, мониторинг жасалды, нәтижесі №5 директор жанындағы отырыста қаралды. «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдары, өзін-өзі басқару органдары жұмысының тиімділігін айқындау мәселесі қаралды.

Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың жағдайы, құқық бұзушылыққа бейім, сабақты дәлелсіз себептермен өткізбейтін және теріс қылықтар жасайтын оқушылармен профилактикалық іс-шаралардың жүргізілу сапасы бақыланды. Кәмелет жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдер арасындағы психологиялық көмек жұмыстарының жүргізілуін бақылау мақсатында психологтардың жұмысы тексерілді. Нәтижесі №4 директор жанындағы отырыста қаралды.

Сәтбаев қаласының прокурорлары Қанай Ерқосай Омарұлы, Әлібек Айбарыс Нұрболұлы, Сәтбаев қаласы ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция майоры Сейтмагамбетов Медет Зарубаевич және Сәтбаев қаласы әкімдігінің

кәмелетке толмағандар істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі бас инспекторы Серікбаева Жанерке Мақсұтбекқызы қатысып, нұсқаулықтар берді. «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тақырыбында сынып жетекшілер ата-ананың бала тәрбиелеудегі оң психологиялық көзқарасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру мақсатында тренинг сабақтарын жүргізді. Қазан айында тәрбие сағаттарының тиімділігі тақырыбында сынып жетекшілер отырысында қарастырылды.

Қараша айында мектепте "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығы ашылған және «Даналық» мектебінің жетекшілері тағайындалған. Желтоқсан айында директор жанындағы отырыста "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының жұмысы қарастырылды.

Қараша айында қолайсыз отбасыларға, «тәуекел топтағы» оқушыларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бойынша жай-күйін бақылау қаралды. Мақсаты құқық бұзушылыққа бейім, сабақтан себепсіз қалатын, теріс қылықты оқушылармен профилактикалық жұмыс жүргізу шараларының сапасына мониторинг жасалып, нәтижесі №2 педагогикалық кеңеске шығарылды.

#### **2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша жұмыс нәтижелерінен туындаған өзекті мәселелер және оны шешу жолы:**

<b>Мәселелер</b>	<b>Шешу жолдары</b>
<p>Кейбір сыныптарда білім сапасының төмен түсуі ( 6 «В», «Г», 8 «Ә», «Б»); Сыртқы бақылаумен расталмайтын жоғары бағалардың қойылу қаупі; Бір сабақтан «3» баға алған оқушылардың анықталуы;</p>	<p>Білім сапасын арттыруда жүйелі жоспар құру және жұмыс жүргізу; Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырмалар базасын толықтыру, пән мұғалімдеріне осы мақсатта әдістемелік көмек беру;</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндерден олимпиадаға, ғылыми жобаларға қатысатын балалардың азаю қаупі; Жаратылытану бағытындағы пәндер бойынша сайыстарға, олимпиадаларға қатысудың төмендігі;</p>	<p>Жалпы білім беретін пәндерден олимпиадаға, ғылыми жобаларға қатысатын балалардың санын жоспарлы арттыру; Жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндердің мұғалімдерін проблемалық курстарға, тиімді семинарларға жиі қатыстыру</p>
<p>ПББ сынағынан төмен көрсеткіш көрсетіп, шекті деңгейге жете алмаған педагогтердің анықталуы; Озық тәжірибе жинақтау және таратушы педагогтер санының тұрақталуы;</p>	<p>ПББ сынағына дайындық жұмыстарын жүргізу бойынша әдістемелік жұмыстар ұйымдастыру ( USTUDY); 2.Педагогтерді біліктілік арттыру курстарына жіберу. Әдістемелік семинарлар өткізу. Өзара сабақтарға қатысу, тәжірибе алмасу.</p>

	3.Педагог табысының өлшемдері мен шарттарын айқындай отырып, мектепішілік рейтингтік жүйені жүргізу;
Отбасындағы, мектептегі зорлық-зомбылық, қорлау, буллинг жағдайлары анықталғанда ата-аналардың немқұрайлық қауіпі;	Мектепте зорлық-зомбылық, буллинг, қауіпсіздікті бұзу фактілерін анықтау үшін оқушылар мен ата-аналарға сауалнама жүргізу, жүйелі жоспарлы жұмыс жүргізу; Ата-аналармен байланысты күшейту мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру;

*Дайындаған: мектеп әкімшілігі*